

«БД030100 – Құқықтану» мамандығы бойынша PhD докторы дәрежесіне ізденуші Талап Кайратович Нурекешов ұсынған «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» диссертациясына ғылыми кеңесшінің
ПІКІРІ

Талап Кайратович Нурекешовтің Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелері» тақырыбындағы диссертациясы Қазақстан Республикасында қоршаған ортаны қорғау мен табиғатты пайдаланудың өзекті мәселелеріне арналған.

Диссертация тақырыбының өзектілігі қазіргі таңда зерттелетін тақырыпты нормативтік құқықтық реттеуде құқықтық коллизиялар мен ақтандақтардың орын алып отырғаны, олардың Қазақстан Республикасының "жасыл экономикаға көшу" мемлекеттік саясатына сәйкес келмейтіндігімен негізделеді.

Қазақстан гидроэнергия, күн энергиясы, жел энергиясы, биомасса түріндегі жаңартылған энергия көздерінің елеулі көлемдегі қорларына ие болып табылады.

Астана қаласында «Болашақ энергиясы» тақырыбында өткен «ЭКСПО-2017» халқаралық көрмесі мемлекеттердің үйлесімді дамуы, оның балама және жаңартылатын энергияны прогрессивті пайдалану саласындағы олардың мүдделілігін көрсетті.

Әлемде біріншіден күн электр станцияларының құрылысын жүргізуге белсенді саяси қолдау көрсетілуі, екінші жағынан технологияларды жетілдіру мен жалпы шығынды төмендетудің арқасында жаңартылған энергия қуаттарын (150 ГВт), әсіресе күн фотоэлектр қондырғыларын және жер бетіндегі жел электр станцияларын пайдалануда үлкен серпіліс байқалады.

Мемлекет жаңартылған көздерден алынатын энергияның үлес салмағын арттыру үшін әр түрлі кешенді шаралар қолдануда, сол себепті де 2009 жылы «Жаңартылған энергия көздерін пайдалануға қолдау көрсету туралы» ҚР Заңы қабылданды. Тіпті мемлекет алдына амбициялы мақсат қоюда: 2050 жылға қарай балама және жаңартылған электр энергиясының үлес салмағы 50% жетуі тиіс.

Қазіргі таңда қалыптасқан дәстүрлі және балама энергетиканы құқықтық қамтамасыз ету кешені үнемі өзара байланысты болып келе бермейтін, жекелеме элементтерден тұрады және біртұтас болып келмейді.

Осы кешеннің табысты жұмыс істеуі үшін оның тиімсіздігінің негізгі себептерін зерттеу, оның барлық құрамдас элементтерін құқықтық қамтамасыз етудің оңтайлы жүйесін құру жөнінде ұсыныстар әзірлеу қажет.

Жоғарыда аталғаннан көріп отырғанымыздай, Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканың бірлесе әрекет етуі мен өзара байланысының тепе – теңдігі мен құқықтық қамтамасыз етілуінің

өзекті мәселелері тәжірибелік жағынан да, ғылыми көзқарас жағынан да әлі де шешімін таппай келеді.

Қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңызы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін сақтау мен қамтамасыз етудің тұжырымдамалық жаңа моделін жетілдіру барысындағы мемлекет пен құқықтың рөлі мен маңызын ғылыми ой елегінен өткізуден тұрады, мұның өзі оны одан әрі жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының барлық өңірлерінде жасыл экономиканы енгізуді оңтайландыру үшін жаңа құқықтық жүйенің құрастырылуына мүмкіндік беретіндігінде.

Қазақстанда жасыл экономиканы одан әрі дамыту мен енгізу үшін жаңа құндылықтарды дәлелдеу, эколого - құқықтық ғылымдардың тұжырымдамалық ережелеріне, мақсаттары мен міндеттеріне өзгерістер енгізу қажет.

Осы мәселені зерттеу кезінде пайдаланылған негізгі теориялық және әдіснамалық ережелер дәстүрлі және балама энергетиканың жекелеме құрылымдық элементтерінің құқықтық жақтарын қарастыратын ғалым – заңгерлердің диссертациялық зерттеулерінде ұсынылған, атап айтқанда, экономикалық жағынан алғанда –А.Б. Имашевтің «Қазақстандағы балама энергия көздерін дамытудың экономикалық жақтары» тақырыбындағы диссертациясы; құқықтық жағынан алып қарағанда бұл Г.Б. Телеуевтің «Балама энергия көздерін пайдалану мен дамытудың құқықтық қамтамасыз етілуі (Қазақстан Республикасы мен шет елдердің заңнамалары мен тәжірибесіне салыстырма талдау)» тақырыбындағы диссертациясы және тағы басқалар.

Осы жерде энергетикалық құқық пен оның мазмұнын ой елегінен өткізу және түсіндіру әрекеттерінде келесі ғалымдардың жұмыстарын атап өтуге болады П. Г. Лахно, М. И. Клеandroва, А. П. Вершинина, В. В. Бушуева, С. С. Занковского, С. С. Силиверстова, С. А. Свиркова, В. Ф. Попондопуло, О. А. Городова, С. В. Матияшук.

Дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының эколого – энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің құқықтық тетіктеріне объективті қажеттіктердің бар екендігін есепке алумен қатар, осы мәселені одан әрі теориялық зерттеуді есепке ала отырып, ұсынылған диссертацияда негізгі мақсат ретінде мемлекеттің экологиялық қызметтерін жүзеге асыруы, мемлекеттік органдардың қоршаған табиғи ортаны қорғау саласы бойынша арнайы құзыретті органдармен бірлесе әрекет етуі саласындағы тиісті нормативтік актлер мен құқықты қолдану қызметін талдау арқылы дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету мәселелерін кешенді зерттеу көзделгені көрсетілген.

Теориялық негіздерді жан - жақты зерттей келе алынған ғылыми нәтижелер мен олардың негізделуін көрсету қажет, энергетикалық қатынастарды құқықтық реттелуінің тұжырымдамалық негіздерін құрастыру; халқаралық қауымдастық, ЕАЭО, Қазақстан Республикасы шеңберінде жинақталған энергетикалық нарықтардың қызмет ету тәжірибесін зерттеу,

оның оң және теріс жақтарын жинақтау, энергетикалық құқық нормаларының құқық жүйесінен алатын орынын анықтау бойынша мақсаттар мен міндеттер зерттеліп, шешілді.

Зерттеудің ғылыми жаңашылдығыда күмән туғызбайды, себебі қазақстандық ғылымда Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз ету бойынша кешенді зерттеулер жүргізілген жоқ.

Диссертацияның құрылымы мен мазмұндық тұтастығы. Диссертацияда Қазақстанның ғана емес, сонымен қатар Ресейдің, Беларусьтің және алыс шет елдердің ғалымдардың кең көлемдегі еңбектері зерттелген.

Қорғауға шығарылған ережелер негізделген және өзекті, автордың қазақстандық экологиялық, энергетикалық құқық салалары бойынша ғылымдарының күрделі мәселелеріне деген жаңаша көзқарастарын көрсетеді.

Атап айтқанда, «энергетикалық құқық», «энергетикалық қатынастар» және «эколого – энергетикалық қауіпсіздік» санаттарына авторлық анықтамалар құрастыру; заңнамалық санаттардың салааралық сипатын зерттеу авторға «биомасса», «биогаз», «жел электрстанциясы», «геотермалды энергия», «шағын гидроэнергетика» және «күн электр станциясы» сияқты бірнеше арнайы ұғымдарға өз анықтамаларын беруге мүмкіндік берді; энергетикалық қатынастарды заңнамалық реттеуді жүйелеуді қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуін есепке ала отырып энергияның әр түрлі түрлерінің тепе – теңдігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы Энергетикалық кодексін құрастыру және қабылдау қажеттігі; Қазақстан Республикасының эколого – энергетикалық қауіпсіздігі Доктринасын құрастыру және қабылдау мәселелері; жаңартылған энергия көздерін пайдаланудың құқықтық режим ерекшеліктерін заңнамалық бекіту мәселелері; теориялық және тәжірибелік алаңда энергия көздерінің баламалылығы, дәстүрлілігі, сарқылатындығы, қалпына келтірілуі белгілері бойынша айқын жіктелуінің болмауы мәселелері, энергетика саласында цифрлық технологияларды пайдалану мәселелері қарастырылған.

Автордың алынған нәтижелерді негіздеуге негізгі көзқарастары энергетикалық нарықтардың қызмет ету тетіктерін, дәстүрлі және балама энергетиканың тепе- теңдігін қамтамасыз етуін жеке зерттеуінде болып отыр, мұның өзі қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының эколого – энергетикалық қауіпсіздігіне барынша кең көлемде және нәтижелі кепілдік беруге мүмкіндік береді.

Жұмыста қазіргі отандық және шет елдік зерттеушілердің Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша автор жаңа отандық және шет елдік әдебиеттерден пайдаланған көзқарастары келтірілген.

Докторанттың жеке үлесі ғалым – экологтардың пікірін есепке алумен қатар экологиялық, табиғиресурстық және энергетикалық заңнамалардың

нормаларын тәжірибеде пайдалану кезінде пайда болатын мәселелерді шешуге шығармашылық көзқарасынан көрініс табады.

Жұмыс жоспары логикалық және құрылымдық жағынан дұрыс құрастырылған.

Автор энергетикалық қатынастарды құқықтық реттеудің тұжырымдамалық негіздерін қарастырады.

Бұдан кейін автор тақырыптың кейбір жекелеме мәселелерін зерттеуге көшеді:

1. Энергетикалық қатынастарды реттеудің халқаралық – құқықтық негіздері;
2. Евразиялық Экономикалық Одақ шеңберінде энергетикалық нарықтардың құқықтық реттелуі;
3. Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканың құқықтық реттелуі;
4. Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі тұжырымдамасы – дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігінің негіз құраушы факторы ретінде;
5. Қазақстан Республикасында эколого – энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құқықтық тетіктері мәселелері;
6. Қазақстан Республикасындағы энергетикалық қатынастар саласын мемлекеттік басқару мәселелері.

Докторант өзінің ғылыми көзқарастарын дәлелдер арқылы негіздейді, атап айтқанда, энергетиканың көмірсутектік және жаңартылған түрлерін бір-біріне қарсы қойылуын еңсеру қажеттігін, Қазақстан Республикасының жасыл энергетикаға көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін құқықтық қамтамасыз етудің мәселелерін зерттеу қажеттігін көрсетеді, Қазақстан Республикасында атом электр станцияларын, шағын гидроэлектр станцияларын, биогаз қондырғыларын, жел электр станцияларын салу, орналастыру және пайдалану кезінде қоршаған ортаны қорғауға байланысты экологиялық заңнамаларды жетілдіру, сондай – ақ Қазақстан Республикасында дәстүрлі және балама энергетиканы дамыту бойынша ұсыныстар құрастырылған. Мұндай көзқарас диссертантқа экологиялық заңнамаларды жетілдіру мен дамытуға бағытталған бірнеше нақтылы тәжірибелік және теориялық ұсыныстар жасауға мүмкіндік береді.

Сонымен, диссертант ұсынған экологиялық, табиғиресурстық және энергетика туралы заңнамаларға өзгерістер енгізу жағынан алып қарағанда Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігінің құқықтық қамтамасыз етілуі айтарлықтай кеңейтілуі тиіс.

Докторант отандық және шет елдік ғалымдардың ғылыми доктриналарын, қазақстандық және шет елдік заңнамаларды, халқаралық стандарттарды, сондай – ақ құқықты қолдану тәжірибесін талдау бойынша үлкен көлемдегі жұмыс жүргізген.

Бұл ғылыми жұмыс Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жағдайында дәстүрлі және балама энергетиканың тепе – теңдігін

